

"Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында реттелмеген бөлігінде кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу, сыныптау қағидаларын, сондай-ақ оларды жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың тиесілік нормаларын және оларға қойылатын үлгілік талаптарды, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының жүйесіне кіретін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер орналасқан жерлерде және аумағында кедендік операциялар жасалуы және кедендік бақылау жүргізілуі мүмкін өзге жерлерде кедендік инфрақұрылым элементтерін жайластыруға және техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 250 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 19 мамырдағы № 313 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 20 мамырда № 38759 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасында реттелмеген бөлігінде кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін құру, санатқа бөлу, сыныптау қағидаларын, сондай-ақ оларды жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың тиесілік нормаларын және оларға қойылатын үлгілік талаптарды, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының жүйесіне кіретін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер орналасқан жерлерде және аумағында кедендік операциялар жасалуы және кедендік бақылау жүргізілуі мүмкін өзге жерлерде кедендік инфрақұрылым элементтерін жайластыруға және техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 250 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №16520 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың тиесілік нормаларында:

3-санатты (автомобиль қатынасы бойынша) кедендердің, кеден бекеттерінің және бақылау-өткізу пункттерінің кедендік бақылау техникалық құралдарының тиесілік

нормалары 1-тармақтың реттік нөмірі 1 және 2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Автокөлік құралдарын автоматтандырылған есепке алуға арналған жабдық (кедендік бақылаудың басқа техникалық құралдарымен (бұдан әрі – КБТҚ) интеграцияланған))	жиынтық	1 кіру/шығу
2	Жеңіл автокөлік үшін жеке жолақ болған кезде автокөлік құралдарын автоматтандырылған есепке алуға арналған жабдық	жиынтық	1 кіру/шығу

".
;

2-санатты (автомобиль қатынасы бойынша) кедендердің, кеден бекеттерінің және бақылау-өткізу пункттерінің кедендік бақылау техникалық құралдарының тиесілік нормалары 2-тармақтың реттік нөмірі 1 және 2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Автокөлік құралдарын автоматтандырылған есептеу жабдығы (басқа КБТҚ-мен интеграцияланған)	жиынтық	2 кіру/шығу
2	Жеңіл автокөлік үшін жеке жолақ болған кезде автокөлік құралдарын автоматтандырылған есептеу жабдығы 1 жолақ – 1 жиынтық	жиынтық	1 кіру/шығу

".
;

1-санатты (тәулігіне 200-ден және жоғары АКҚ байланысты автомобиль қатынасы бойынша) кедендердің, кеден бекеттерінің және бақылау-өткізу пункттерінің кедендік бақылау техникалық құралдарының тиесілік нормалары 3-тармақтың реттік нөмірі 1 және 2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Автокөлік құралдарын автоматтандырылған есептеу жабдығы (басқа КБТҚ-мен интеграцияланған)	жиынтық	4 кіру/шығу
	Жеңіл автокөлік үшін жеке жолақ болған кезде автокөлік құралдарын		

2	автоматтандырылған есептеу жабдығы 1 жолақ – 1 жиынтық	жиынтық	1 кіру/шығу
---	--	---------	-------------

";
,

1-санатты (тәулігіне 500-ден 1000-ға дейінгі АКҚ байланысты автомобиль қатынасы бойынша) кедендердің, кеден бекеттерінің және бақылау-өткізу пункттерінің кедендік бақылау техникалық құралдарының тиесілік нормалары 4-тармақтың реттік нөмірі 1 және 2-жолдары мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Автокөлік құралдарын автоматтандырылған есептеу жабдығы (басқа К Б Т Қ - м е н интеграцияланған)	жиынтық	12 кіру/шығу
2	Жеңіл автокөлік үшін жеке жолақ болған кезде автокөлік құралдарын автоматтандырылған электрондық жабдығы 1 жолақ – 1 жиынтық	жиынтық	1 кіру/шығу

";
,

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кедендерді, кеден бекеттерін және бақылау-өткізу пункттерін жайластыру мен материалдық-техникалық жарақтандырудың оларға қойылатын үлгілік талаптарда:

6-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) шектес өткізу пункттерімен цифрлық манифестпен және алдын алу ақпараттың электрондық деректерімен алмасу үшін байланыстың т алшықты-оптикалық желісін қарастыру қажет.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік кірістер органдары мен мемлекеттік кірістер органдарының жүйесіне кіретін мамандандырылған мемлекеттік мекемелер орналасқан жерлерінде және аумағында кедендік операциялар жасалуы және кедендік бақылау жүргізілуі мүмкін өзге жерлерде кедендік инфрақұрылым элементтерін жайластыруға және техникалық жарақтандыруға қойылатын талаптарда:

2-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) салмақтық габариттік параметрлерді айқындау – мемлекеттік кірістер органдары пайдаланатын цифрлық жүйелермен интеграциялау мүмкіндігімен, өткізілетін тауарлардың салмақты параметрлерін өлшеу, жүк автокөлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін, оның ішінде автоматты режимде айқындауға арналған;

";
,

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) байланыс және ақпараттық технологиялар - кибер қауіпсіздіктің кепілденген деңгейін, сондай-ақ "Интернет" ақпараттық-телекоммуникациялық желіге шығатын жұмыс орнымен қамтамасыз ететін байланыстың ашық (ішкі, қалааралық және халықаралық) және арнайы байланыс түрлерінің қажетті ақпаратын қамтамасыз етуге арналған;"

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты алғаш ресми жарияланған күннен кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

М. Такиев